



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

находить повод для того, чтобы похвалить ребенка. Школьнику должно быть ясно, какие конкретные действия, дела, поступки в учебной работе вызвали одобрение, и что у него не получается, чему он должен научиться.

Что нужно для повышения мотивации учеников необходимо:

-дать ученикам ощущение успеха в деятельности, при этом необходимо правильно подбирать уровень сложности заданий и заслуженно оценивать результат деятельности.

- делать все возможное для того, чтобы заинтересовать учеников, ставить проблемы, активизировать самостоятельное мышление.

- взаимное сотрудничество учащихся на уроке, взаимопомощь, позитивное отношение к английскому языку, русскому языку и математике.

Список литературы:

1. Закон Республики Казахстан Об образовании, от 27 июля 2007 года № 319-III-3, 25 с.
2. Брешенкова Е.Н., Кардашина А.И., Школа, открытая для всех/ ТОСБС, Т., 2016, 24 с.
3. Банч Г.С., 10 ключевых пунктов успешной инклюзии/ М., 2010. С. 50-56.
4. Грузинова Т.А., Дети с ограниченными возможностями: мифы, реальность/ М., 1999, 59с.

ОӘЖ 159.99

МЕТАФОРАЛЫҚ АССОЦИАТИВТІ КАРТАЛАР – ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖЕТКІНШЕКТЕРМЕН ТИІМДІ ЖҰМЫС ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Молдахметова Гаухар Молдабековна
психолог, педагогикалық ғылымдар магистрі
А.Байтұрсынов ат. ҚӨУ
Қостанай қ-сы, Қазақстан
E-mail:gauhar.nurba@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада жеткіншектер девиациясы мәселесімен тиімді жұмыс жасауға мүмкіндік беретін метафоралық ассоциативті карталарға қысқаша шолу жасалған. Сонымен қатар, метафоралық карталар, оның артықшылықтары, түрлері және олармен жұмыс тәсілдері сипатталған. Карталардың психодиагностикалық және психокоррекциялық құрал ретіндегі мүмкіндіктері де баяндалған.

Қазіргі қоғамда жеткіншектерде девиантты мінез-құлық көріністерінің артуы – болашақ үшін үлкен қауіп. Мақсат – жеткіншектік жастағы девиантты мінез-құлықтың көріністері, белгілері туралы ақпараттарды жалпылап, оны түзетудің тиімді, заманауи әдістердің бірі – метафоралық ассоциативті карталардың мүмкіндіктерін көрсету.

***Түйінді сөздер:** метафоралық ассоциативті карталар, девиантты мінез-құлық, жеткіншектер, метафора, ассоциация.*

Аннотация

В данной статье представлен краткий обзор колод МАК, на основе которых педагогу-психологу можно достаточно эффективно работать с девиантными подростками. Приведены достоинства ассоциативных карт как психодиагностического и психокоррекционного (психотерапевтического) инструментария.

В современном обществе возрастание проявлений девиантного поведения у подростков-большая угроза для будущего. Цель-обобщить информацию о проявлениях, признаках девиантного поведения в подростковом возрасте и показать возможности метафорических ассоциативных карт – одного из эффективных, современных методов его коррекции.

***Ключевые слова:** метафорические ассоциативные карты, девиантное поведение, подростки, метафора, ассоциация.*

Abstract

This article provides a brief overview of MAC decks, on the basis of which a teacher-psychologist can work quite effectively with deviant adolescents. The advantages of associative maps as psychodiagnostic and psychocorrective (psychotherapeutic) tools are given.

In modern society, the increasing manifestations of deviant behavior in adolescents is a great threat to the future. The purpose is to summarize information about the manifestations, signs of deviant behavior in adolescence and to show the possibilities of metaphorical associative maps – one of the effective, modern methods of its correction.

Key words: *metaphorical associative cards, deviant behavior, teenagers, metaphor, associations*

Қазіргі таңда жеткіншектермен жұмыс жасайтын педагог-психологтардың аса күрделі, өзекті мәселелерінің бірі – девиантты мінез-құлық.

Девиантты мінез-құлықты түсінуде басты ұғым әлеуметтік норма болып табылады, әлеуметтік норма – әлеуметтік жүйені сақтауды қамтамасыз ететін адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің шегі, өлшемі. Әлеуметтік нормадан ауытқулар:

- позитивті (әлеуметтік жүйеде сапалы өзгерістерге мүмкіндік беретін әлеуметтік шығармашылықпен байланысты ескірген нормалар мен стандарттарды жеңуге бағытталған);
- негативті – әлеуметтік жүйені бұзады, девиантты мінез-құлыққа әкеледі.

Барлық жағдайда девиация адамның қоғамға және оның талаптарына бейімделе алмау немесе бейімделгісі келмеу.

Балалар мен жеткіншектердің девиантты әрекеттері:

- маңызды мақсатқа қол жеткізу құралы ретінде көрінеді;
- тыйым салынған қажеттіліктерінің орнын толтыру ретінде көрінеді;
- өзін-өзі таныту, өзін көрсету қажеттіліктерін қанағаттандыратын қара бастың қамы ретінде көрінеді.

Ауытқушы мінез-құлықтың келесі түрлерін бөледі: антиәлеуметтік (делинквентті), асоциалды (аморальды) және аутодеструктивті (өзін-өзі құлдырату).

Кесте – 1

Балалық және жеткіншектік жаста девиантты мінез-құлықтың көріністері

Девиантты мінез-құлық формалары	Балалық және жеткіншектік жаста көріну ерекшеліктері
Асоциалды (аморальды) мінез-құлық – қоғамда қабылданған моральды-адамгершілік нормаларды орындаудан жалтару.	Балаларда үйден қашу жиі кездеседі, мектептен жүйелі қалады, ұрлық, агрессивті мінез-құлық, өтірік айту, бопсалау, күшпен тартып алу. Жеткіншектерге үйден кету, әдепсіз жыныстық байланыстар, қабырғаға сурет салу, ұятсыз, ерсі сөздер жазу тән.
Антиәлеуметтік (делинквентті) мінез-құлық – әлеуметтік тәртіпке қауіп төндіретін құқықтық нормаларға қарсы шығу.	Балаларға құрбы-құрдастарға немесе өзіне кішілерге, әлсіздерге зорлық-зомбылық көрсету, жануарлармен қатал қарау, ұрлық жасау, ұсақ бұзақылықтар, біреудің мүлігін бүлдіру. Жеткіншектерде бұзақылық, ұрлық, тонау, вандализм, ұру, есірті сату т.б. басым.
Аутодеструктивті (өзін-өзі құлдырату) – тұлғаның дамуына үлкен қатері бар медициналық және психологиялық нормалардан ауытқу.	Балалар шылым шегуге, токсикоманияға бейім болып келеді, алайда бұл жаста аутодеструкция ықтималдығы аз. Жеткіншектерде бұл мінез-құлық түрі ішімдіктер, есірткілер қолданудан, ойын, компьютерлік тәуелділіктен, өзін-өзі кесуден, сонымен қатар, суицидалды мінез-құлықтан және өзіне-өзі қол жұмсаудан көрінеді.

Мінез-құлқы ауытқушы жеткіншектерде келесі эмоционалды бұзылыстар айтарлықтай жиі байқалады:

- аса мазасыздық;
- мақсат, өмірдің мәні тұрғысында құндылықтар кемістігі;
- шамадан тыс ашушаңдық, ызақорлық;
- агрессивтілік, дауласу.

Девиантты мінез-құлықта сан түрлі эмоционалды бұзылыстар көрінеді:

- тым мазасыздану;
- ашушаңдық, ызалану;
- дау-дамайға бейімділік;
- агрессивтілік т.б.

Педагог-психологтың девиантты жеткіншектермен жұмысында метафоралық ассоциативті карталар (МАК) таптырмайтын, тиімді құрал болып табылады.

Метафоралық ассоциативті карталардың әмбебаптылығы мен бірегейлігі – оның жеткіншектердің түпсана деңгейіне тікелей ықпал ететін метафоралылығы болып табылады.

Метафоралық карталарда ситуативті, портреттік, абстрактілік картиналар бейнеленген, кейбір карталар жинағында мәтіндер мазмұндалған, Карталар әртүрлі бейнелердің, сөздердің, сөйлемдердің көмегімен ішкі ассоциацияларды оятады. Карталардың алдын ала бекітілген мән-мазмұны болмайды. Карталармен жұмыс жасайтын әрбір жеткіншек картадан көрген бейнелердің мән-мағынасын өзі сипаттап, тұжырымдайды. Картадағы бейнелерді сипаттай отырып, жеткіншек әртүрлі естеліктерге еніп, сананың әртүрлі деңгейін актуализациялайды. Картина бойынша әңгіме құрастыра отырып, ішкі әлеміне тереңдеп, оның мазмұнын ашады. Әдетте, метафоралық карталар екі жинақтан тұрады: біріншісі – бейнелерден, екіншісі – сөздерден, мәтіндерден тұрады. Жеткіншектермен жұмыс барысында оларды метафоралық ассоциативті карталарға енгізу – карталар бейнелерінде немесе сөздерінде жасырынған метафоралар жайында ой толғауды талап етеді. Жеткіншектерге, тіпті үлкендерге өзінің эмоционалды күйін, өзінің қиындықтарын сөзбен жеткізу қиынға соғады, осы тұрғыда карталар жеткіншектер үшін эмоцияларын білдіруді жеңілдетіп, белсенді жұмыс жасауға итермелейді.

Картина метафорасы адамға шынымен де өзін толғандыратын өзекті проблемаларды көруге мүмкіндік береді, балалардың жай-күйін жақсы жеткізеді, балаларды шындығында не мазалайтынын көруге, естуге көмектеседі.

Ассоциативті карталар әрқашан да адамның, оның ситуациясы туралы ақпаратты жеткізеді, себебі, картаны адам өз тәжірибесіне, сезімдеріне, жай-күйіне сүйене отырып, түсіндіреді, сипаттайды.

Карталарда бейнеленген бейнелер адамның сенім, құндылықтарының, әртүрлі сезімдерінің, қорқынышының, ішкі қалауының, қажеттіліктерінің метафорасын көрсетеді. Карталар адамның ішкі тәжірибесімен ассоциативті үндеседі.

Метафоралық карталардың артықшылықтары:

- ✓ Карталар түпсанаға, интуицияға сүйенеді.
- ✓ Карталар әрбір адамның жеке ерекшелігіне қарай жұмыс жасайды, карталар көмегімен түпсананың терең қатпарларына ығыстырылып, жатып қалған сезімдердің, жай-күйлердің бейнесін көріп, онымен тиімді жұмыс жасауға болады.

- ✓ Карта – сана деңгейіндегі кедергілерді айналып өтіп, ситуация себебін анықтап, зерделеп, шешімге келуге көмектеседі.

- ✓ Карталар – адамға өзін-өзі терең тануға, өзінің елемей жүрген жаңа қырларын ашуға, іште жатқан жасырын ресурстарды табуға, проблеманың қайнар көзін анықтап, нәтижелі шешімге келуге көмектеседі.

- ✓ МАК жұмыс жасағанда оң және сол жақ жарты шарлар біруақытта қызмет етеді. Оң жақ жарты шар бейнелерді, сол жақ жарты шар сөздерді, сандарды қабылдайды. Кездейсоқ таңдалған бейне, кездейсоқ сөзбен байланысқан кезде клиент мәселесінің (сауалының) әлдебір жаңа көрінісі пайда болады. Яғни, осы әлдебір көрініс клиент проблемасының белгілі бір шешіміне ой салады, хабар береді.

Метафоралық карталар:

- ✓ Жеке кеңесте балалардың ашылуына жағдай жасайды, қорғанысын төмендетеді, қауіпсіз жағдай жасауға көмектеседі.

- ✓ Өзінің өмірін талдауға, тереңде жатқан сезімдердің, толғаныстардың қалқыпбетке шығуына мүмкіндік береді.

- ✓ МАК жаттығулары жеткіншектердің проблемалық жағдаятын жеңілдетуге, оларды саралап, зерделеп, егжей-тегжейлі талқылауға, алдағы жұмыс жоспарын құруға мол мүмкіндік береді.

- ✓ МАК көмегімен жеткіншектердің әртүрлі тақырыптағы мәселелерімен (қорқыныш, реніш, қарым-қатынас, таңдау жасау, мотивация, т.б.) жұмыс жасауға болады.

- ✓ МАК көмегімен клиентке мәселені (сауалды) шешу жолдарын ұсына аласыз.

- ✓ МАК көмегімен тоқтамға келудің, шешім қабылдаудың жаңа тәсілдерін көресіз; ситуациядан шығу жолдарымен жұмыс жасап, альтернативті жолдарын көресіз [1; 2; 3].

Қазіргі таңда метафоралық ассоциативті карталардың сан алуан түрлері бар. Оларды келесі категорияларға бөлуге болады: әртүрлі сипаттағы сұранымдармен (мәселелермен) қолдануға болатын универсалды МАК жинағы «ОН», «Эмоции судьбы», «Я и все все все», «Emotions» (Эмоции), «Имаго», «Инсайт», «Аллегории», «Диксит» т.б. Портретті карталар жиынтығы – «Personita» (неміс колодасы), «Портреты», «Характер и личность», «Лица» т.б. жеткіншектердің қиын жағдаяттардан шығуына, қиын жағдаяттарға сырттай қарауға, «Мен бейнесімен» жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Әдетте, карталармен жұмыс жасауда өзі туралы айтқаннан бейтаныс картиналар туралы айту әлдеқайда оңай, демек сыртқы образға өзінің қасиеттерін, сезімдерін, мінез-құлқын аудару, яғни проекциялау механизмі жүреді.

Ресурсты карталар жинақтары – Мои ресурсы», «Удивляйся чаще», «Места силы», «Ресурсы» т.б. жеткіншектердің өзіне деген сенімін ұялатуға, ұнамды эмоциялар сыйлауға, әрекет етуге мотивация беруге бағытталған.

Девиантты жеткіншектермен жұмыс жасауда ең қолайлы карталар жинақтары – «Бала жаны» (Г. Молдахметова, Р. Жанғалиева), «Роботы» (Т.О. Ушакова), «Personita» (неміс колодасы), «Спектрокарты» (Улла Халкола, Александр Копытин) т.б.

Қазіргі таңда метафоралық карталар пратикалық психологияда аса белсенді, қолданысаясы кең психолог құралы, осыған байланысты МАК-ң сан алуан жинақтары да күн санап артуда. Ерекше ескертетін жайт – кейбір карталарда ұлтымызға, салт-дәстүр, дінімізге, ділімізге, жалпы мәдениетімізге қайшы суреттер бейнеленген карталар жинағы жиі кездесетіндіктен, осы қажеттілікті ескере отырып, «Бала жаны» (Г. Молдахметова, Р. Жанғалиева) атты авторлық метафоралық ассоциативті карталар жинағын жасауды жөн көрдік.

«Бала жаны» ассоциативті карталар жинағы – бұл 5 жастан 16 жасқа дейінгі балаларға, сонымен қатар үлкендерге, ата-аналарға психологиялық көмек көрсетуге арналған метафоралық суреттер жинағы.

«Бала жаны» жинағын диагностикалық материалдар алу, коррекциялық, психотерапиялық және дамыту жұмыстарын жүргізу құралы ретінде қолдануға болады.

«Бала жаны» метафоралық ассоциативті карталар жинағы:

- балалардың, үлкендердің жан дүниесін, ішкі эмоционалды жай-күйін түсінуге;
- диагностика, психотүзету және психотерапия жүргізуге;
- жан жарақатын зерттеуге, проблемалық жағдаятқа ықпал етуші факторлардың, оқиғалардың әсерін түсінуге;
- бала-ата-аналық қатынастарды, отбасындағы психологиялық атмосфераны зерттеуге;
- бала кезде санаға сіңірілген негативті бағдарларды анықтауға;
- әлеуметтік-психологиялық бейімделуде қиындықтарды жеңуге;
- қиын жағдаяттардан шығудың конструктивті жолдарын қарастыруға;
- терапиялық үрдісте бала үшін маңызды ішкі және сыртқы ресурстарды, арман-мақсатты, болашаққа жоспарды, құндылықтарды анықтауға көмектеседі.

«Бала жаны» жинағын жеке және топтық жұмыста балалармен ғана емес, үлкендермен де қолдануға болады.

Педагог-психолог жоғарыда аталған карталар жинақтарын қолдана отырып, жеткіншектермен сенімді қарым-қатынас орнатуға, жеткіншектердің ашылуына, өзін-өзі көрсетуге, жан дүниесін білдіруге, рефлексияға мүмкіндік беретін қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз ете алады.

Метафоралық ассоциативті карталардың артықшылықтары:

- Сана цензурасын төмендету арқылы ішкі қарсыласуды жеңуге көмектеседі.
- Жеткіншектің ішкі қысымын және оның қарсыласуын түсіреді.
- Қауіпсіздік және сенім атмосферасын жасайды.
- Жеткіншектермен сапалы жұмыс жасау үшін қажетті ақпаратты тез әрі көрнекі алуға және оның проблемасына терең диагностика жүргізуге мүмкіндік береді.
- Кез келген адамдар арасындағы қатынастар көрінісін көрнекі түрде көруге көмектеседі.
- Сыртқы және ішкі әлем арасында диалог орната отырып, адамның сыртқы және ішкі дүниесіндегі кез келген идеялар мен образдарды көрсетеді.
- Жеткіншектің өзекті ой-толғаныстары мен қажеттіліктерін айқындауға және түсінуге мүмкіндік береді.
- Өткенді және болашақты талқылауға, уақыт желісімен жұмыс жасауға көмектеседі.
- Балалардың психожарақаттаушы жағдайымен метафора арқылы жұмыс жасауға мүмкіндік береді.
- Жеткіншектің өзінің сезімдері мен толғаныстары туралы айтып, оны түсінуіне мүмкіндік жасайды, мұның да өзіндік терапиялық әсері бар (проблема вербализациясы).
- Терапия жылдамдығымен әрі тиімділігімен таңқалдырады.
- Клиент үшін шешімге келудің қауіпсіз жағдайын жасайды.
- Клиенттің өзін-өзі емдеу процестерін іске қосады.
- Дағдарыстан шығудың жолдарын іздеуге итермелейді.
- Психиканың ұғынылмайтын ресурстарын іске қосады.
- Шығармашылық қабілеттерді дамытады.
- Қолдану ережелері икемді.
- Бар техникаларды өзекті ситуацияға бейімдеу мүмкіндігі бар.
- Жеткіншектер үшін тартымды: көз жауын түрлі-түсті карталар жеткіншектерді баурап, бірден ұнамды эмоциялар тудырады.

Метафоралық ассоциативті карталарды қолданудың негізгі тәсілдері:

1) Карталарды ашып қолдану – жеткіншектер карталарды жинақтан ашып таңдайды. Бұл тәсіл жеткіншектер үшін қауіпсіз болып табылады, себебі мазасыздық деңгейін төмендетеді. Карталар үстел үстіне жайылады, жеткіншек карталарға қарап, назары тартқан картинаны таңдады.

2) Карталарды ашпай (жабық тәсілмен) таңдау – карталардың бейнесі төмен қаратылып, жайылады. Жеткіншек олардың кез келгенін таңдайды. Алдын ала (қалауынша) мәселесіне және оның шешіміне қатысты өзіне сұрақ қойып, таңдайды. Карта бейнесін (суретін) ашып, өз мәселесімен байланысты жауапты іздестіруге тырысады.

3) Аралас – бастапқыда карталар ашып таңдалады (өз мәселесіне саналы қатынас) содан соң бірнеше картаны ашпай таңдайды.

4) Карта-сөздермен және карта-бейнелермен (фотографиялар, суреттер) жұмыс.

Педагог-психолог метафоралық ассоциативті карталарды жеке және топтық жұмыстарда қолдана алады.

Ассоциативті карталарды жеткіншектермен топтық жұмыста қолдану артықшылықтары:

- әлеуметтік дағдыларды дамытады;
- жеткіншектерді өзара қолдау көрсетуге үйретеді;
- топ мүшелерін бір-біріне жақындастырады;
- ортақ мәселелердің анағұрлым тиімді шешімін табуға көмектеседі;
- өз әрекеттерінің нәтижелерін көруге және оған айналасындағылардың ықпалын көруге мүмкіндік береді;

- өзіндік бағалауды жоғарылатады;
- шешім қабылдау дағдыларын дамытады;
- ассертивті мінез-құлықты қалыптастырады т.б. [4; 5; 6].

Қорытындылай келгенде, метафоралық ассоциативті карталар жеткіншектер девиациясымен жұмыс жасауда табысты қолданылып жүрген тиімді құрал. Метафоралық карталарды проективті диагностика, консультативті және коррекциялық практикада қолдануға болады. сонымен қатар, жеке және топтық жұмыстарда тиімді әрі нәтижелі жұмыс жасайды.

МАК жеткіншектермен жұмыста қолдану педагог-психологқа жайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді, жеткіншек мәселелерін зерттеуге арналған, жеткіншекті жарақаттаушы оқиғаларды анықтаумен байланысты қауіпсіз жаттығуларды ұсынуға болады. Себебі, карталар жеткіншектердің девиантты мінез-құлқы себептерін айқындауға, соның ішінде түпсананың терең қабаттарында жасырын жатқан психикалық материалдарды табуға мол мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Кац Г., Мухаматулина Е. Метафорические карты. М.: Генезис, 2020. – 160 с.
- 2 Чурсинова О.В. Метафорические ассоциативные карты как эффективный инструмент педагога-психолога в работе с девиантными подростками // International Journal of Humanities and Natural Sciences, vol.8-1, 2019
- 3 Казанцева Е. В. Метафорические ассоциативные карты как «магическая» психотерапевтическая практика // Концепт. – 2017. – №1. – С. 163–170.
- 4 Чайковская И.А., Аргунеев Э.П. Возможности метафорических ассоциативных карт в работе с личностным ресурсом клиента (на примере комплекта «Мой жизненный сценарий») // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2018. – №2 (214). – С. 91-96.
- 5 Гордина О. Крылья для воображения: практика работы с метафорическими картами. – М: Издательские решения, 2019. – 134 с.
- 6 Мартынова М.А. Метафорические карты и возможности их применения в работе практического психолога // Материалы V Международной научной конференции «Современная психология». – Казань: Бук, 2017. – С. 65-78.